

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҮЛКЕН ЖАНАШЫРЫ

Көрнекті қаламгер-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Ақселеу Сейдімбек ағамыз азғана ғұмырында отыздан аса көркем, ғылыми-көпшілік және монографиялық еңбек қалдырды. Қазақтың екі мыңнан астам шежіресін жинақтап, баспасөзде мыңға тарта мақаласы жарық көрді. Оның «Қазақ әлемі» кітабы бүкіл қоғамды тербетті, «Қазақ халқының күй өнері» кітабын 40 жыл бойы жазды. Осы еңбегі үшін мемлекеттік сыйлықтың лауреты атанды. Өмірде ажырамас достары Мырзатай мен Қойшығара үшеуі «Ел тұтқа» деп аталатын ел тарихының баянын бітірді. Ал соңғысы «Қазақтың ауызша тарихы» атты кітабын аяқтап еді.

Ақселеу Сейдімбек ағамыздың «Күй шежіре» атты көлемді кітабы арқылы қазақтың



төлтума мәдениетін танып-түсіну жолында терең біліктілікпен жазылған, энциклопедиялық мол дерек беретін, ғылыми жаңалығы толымды еңбек ретінде назар аудартады. Автор қазақ күйлерінің пайда болу тарихы, даму жолдары, күй жанрының өмір шындығын бейнелеудегі ерекшеліктері, сөз өнерімен туыстығы, көркемдік-эстетикалық мәнін саралап отырған. Бұл - қазақтың рухани мәдениетінің тарихы туралы оқулық.


«Қазақтың күй өнері» халқымыздың өшпес мұрасының, руханиятының әрі дара, әрі сара біртұтастығын паш еткен іргелі еңбек. Мұнда этностың әлемдік аумақта пайда болуынан бастап, әлеуметтің алуан түрлі сыры мен шыны, әуен мен ырғақтың пайда болуынан бастап, ерлігі мен ездігін, қуанышы мен мұңын, арманы мен асыл үміттерін арқау еткен бұл еңбекте мың сан шежіре хикая бар. Күй өнерінің мол жетістігін, күйшілердің шығармашылық табыстарын насихаттауда ғалым әрқашан өзекті ойлар айтудан тартынбаған.

Жоғарыдағы екі еңбекте де автор ғылыми айналымға тарихи нұсқалануымызды, өнер мен әлеумет тіршілігін қалай көріп, қалай байыптау қажеттігін ұсына алған. Бұл екі еңбекте қазақтың күй өнерін дәуірлеп, негізгі күй тарту мектептері мен әдістерін саралауға түбегейлі мән беріп, өзінің толыққанды тұжырымдарын тізіп шыққан. Қазақ күйлері туралы аңыздармен қоса жүз елуге тарта қазақ күйшілерінің өмір деректеріне қанығуға болады.

2010 жылы тұсау кесері болған 6 томдық жинағында халқымыздың шежірелік тарихы мен этнографиясына, өнертану мен журналистика іліміне өлшеусіз үлес қосып кеткен Ақселеу Сейдімбек ағамыздың шығармалар жинағына көркем туындылары,

очерктері мен ән-күйлері енген. Еңбекте қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен өнеріне, этнографиясына қатысты әр жылдары жазылған еңбектері де қамтылды. Кітаптың бірінші томында жазушының көркем туындылары, очерктері мен ән-күйлері берілген. Екінші томына қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен өнеріне, фольклоры мен этнографиясына қатысты әр жылда жазған еңбектері кірген. Үшінші томында «Қазақтың күй өнері» атты монографиялық еңбегі жинақталған. Төртінші томында «Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау» атты зерттеу еңбегі топтастырылған. Бесінші томына әр жылдары жазылған мақалалары, пікірлері, тұлғалар туралы толғамдары және сұхбаттары енген. Ал алтыншы томына Ақселеу Сейдімбек ағамыздың бірінғай аударма еңбектері кірген. Жинақтың ішінде «Қазақтың ауызша тарихы» дейтін ғалымның еңбегі бар. Онда қазақ мемлекетінің, қазақ халқының ішкі құрылымының қандай екенін, қалай құрылып, қалай өркендегені және болашақта қалай болу керек екендігін ғылыми тұрғыда талдап, саралап көрсетіп кеткен. Жинақ - Ақселеу Сейдімбектің өмір бойғы жазған-сызғанның таңдамалысы. 6 томдық жинақ 2 мың данамен Мәдениет министрлігінің қолдауымен шықты.

Ақселеу Сейдімбек ағамыздың негізгі әдеби-көркем және ғылыми-зерттеу еңбектері: «Ақкыз» (1991), «Күнгір-күнгір күмбездер» (1981), «Сонар» (1989), «Мың бір маржан» (1989), «Күй шежіре». Бірінші кітап (1992), «Күй шежіре». Екінші кітап (1997), «Балталы-бағаналы ел аман бол» (1993), «Көшпелілер тарихы» (1995), «Қазақ әлемі» (1997), «Ел тұтқа» (2001), «Қазақтың күй өнері» (2002), «Қазақтың ауызша



т а -

рихы» (2008). Мерзімді баспасөзде мыңға тарта мақалалары жарық көрген. Шығармалары оннан астам шетел тілдеріне аударылған. Ақселеу Сейдімбек ағамыздың еңбегі лайықты бағаланып, ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанып, "Құрмет" орденімен марапатталды. Қазақтың абзал азаматы, аса дарынды тұлға, көрнекті ғалымның жарқын бейнесі оның талантын бағалайтындардың жадында әрдайым сақталады.

А.ЖАНШОРАЕВА,

С.Сейфуллин атындағы кітапхананың кітапханашысы

Жаңаарқа. - 2012. - 18 тамыз (№ 38). - 5 б.